

20.05.2019

## Серке сөздің серісі

*этнограф ғалым, сатирик, жазушы Сейіт Кенжеахметовтың туғанына 80 жыл*

Сатирик - жазушы, этнограф - ғалым Сейіт Кенжеахметовтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Мірдің оғы» Республикалық әзіл – сықақ театрлары фестивалі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында абонемент бөлімі қазақ жасөспірімдер театрының фойесінде «Серке сөздің серісі» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.

Көрменің мақсаты: Оқырмандарға Сейіт Кенжеахметовтың бай мұрасымен таныстыру, кітап көрмесіне біздің кітапхана қорынан 30 – дан астам жазушының кітаптары қойылды. Жазушының әр жылдары шыққан әзіл – сықақ және сатиралық шығармалары ұсынылды.

Көрмеде жазушының қазақ халқының салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптары туралы кітаптары үлкен орын алды. Сейіт Кенжеахметов қазақ халқының ауызша әдебиеті мен этнографиялық мұрасын жинаумен айналысқан.

Кітап көрмесі фестивальге қатысушылар мен қала тұрғындарының назарын аударды. Қазақстанның Еңбексіңірген қайраткері, Президент сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің игері, ақын, сатирик Көпен Әмірбек, ақын Нағашыбай Мұқатов, облыстық мәдениет басқармасының маманы Салтанат Утельбаева, Арқалық педагогикалық институтының филология факультетінің деканы, белгілі айтыскер ақын Айбек Қалиев, жазушы Сейіт Кенжеахметовтың көптеген туыстары мен достары қазақ әдебиетінің қазынасына қосқан баға жетпес үлесін қосты.







